



ЖАНАЙҚАЙ



Ағайынның мұңы,

Нұрлы көштің жыры



Базарбай
ӘБУОВ, Ақмола
облысы Красный Яр
селолық округінің әкімі:

2009 жылдары бір шеті Америкадан, Түркия мен Моңғолиядан, Қытайдан көшіп келген оралмандардың қайсыбірі жерсінбей қайта көшіп кетті. Себебін зерттеп көрдік. Оның өзі әртүрлі. Әркімнің отбасылық мәселелері, жұмыс жағдайы, балаларының өрісіне байланысты. Енді ол үйлерде пәтершілердің тұратыны рас.

Әуел бастағы ниет оң, пейіл таза еді. 2009 жылы мемлекеттік бағдарлама аясында Красный Яр селосының іргесінде жатқан бос жерге Нұрлы көш ауылы тұңғыш қазығын қаққанда, жалпақ жұрт «елге ел қосылса құт» деп қуанып қалған болатын. Қазір осы Нұрлы көштің басынан уайымның бұлты

тарқамай тұр. Алғаш ат басын тіреген ағайын жеті жыл бойы жаңа қонысқа бауыр басып, үйрене алмай жүр. Оның басты себебі, әлеуметтік-тұрмыстық қолайлы жағдай жасалмауы.


(Жалғасы 4-бетте)

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚ»
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Жазса,
жаза берсін

«Қазақ тілді аудитория үшін керек тақырыптарды жариялау керек. Жеңіл-желпі, арзан дүниені жазатын журналистер жаза берсін. Оған бола шала бүлінудің қажеті жоқ. Айтады, қояды. Біз тек салмақты дүниенің көбеюіне күш сала беруіміз керек»

(Толығырақ 5-бетте)



ЛЕГИОНЕРГЕ
ЖҰМСАҒАНША,
БАЛАНЫ
ЖАРЫЛҚАЙЫҚ

2



ӨНДІРГЕНОВТЕН
«ӨНДІРІЛЕДІ»

3



ЗЕЙНЕТКЕР МЕН
МҰҒАЛІМДІ
АЛДАДЫ

4

@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
42,75

DOLLAR
354

EURO
394

РУБЛЬ
5,35

ДАУ-ДАМАЙ

Ол – Олимпиада
жанкүйеріне айналды.

Неге?



(Толығырақ 3-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ
jasqazaq.kz



Биржаметр

«Аюлар» қайта оралды

Біздегі қоғамдық пікір жер, лаңкестік әрекет, түрік еліндегі төңкерісті қызу талқылап жатқанда тіршілік пен күнкөріске көп тірелетін нарық өзін ұмыттырмады. Тағы да жайсыз жаңалығымен есік қақты.

Кеше түстен кейін Brent маркалы мұнай құны 1,40 пайызға арзандап, 42 долларға табан тіреді. Осыдан сәл бұрын «кара алтынның» бір баррелі 50 доллардан асқанда «әділ әрі кесімді» баға дескен сарапшылар. «Жас казак» біраз бұрын «Бүгін 50\$, ертең?» деген тақырыппен шағын шолу жариялады. Кара майдың қымбаттауына АҚШ-та тактатас мұнайы өндірісінің тежелуі, Канада орманындағы жойқын өрт пен Нигериядағы солдырлардың құбыр желісін жарып жіберуі ықпал еткенін жазды. Америкадағы арзан өнім өндіретін бұрғылау қондырғыларының саны шілде аяғында 463 жетті. Маусымда 424 еді. Канададағы өрт сөндірілді. Нигерияда алпауыт компанияларға тиесілі құбырдың жыртығы жамалды. Күнделікті ұсыныс сұраныс мөлшерінен тағы да асып түсті. Мамандар «бұқалар» кетіп, биржаға акцияның арзандағанын білдіретін «аюлардың» қайта оралғанын хабарлады. Іле-шала казынасы «кара алтынға» қарап отырған елдердегі ұлттық валюта құнсыздана бастады. Теңге мен рубль секілді.

Ақшаның әлсіреуі де неше түрлі қауесет таратып, қоғамда үрей туғызғысы келетіндерге тиімді. Әркім ойына келгенін айтатын әлеуметтік желіні былай қойғанда, саликалы сайттар есімі қалың көпшілікке беймәлімдеу маманға жүгініп, «Тенгенің долларға шаққандағы бағамы осы аптада 380-ге жетуі мүмкін» деп жұрттың жүрегін солқ еткізді. Ұлттық банктің уәжі әдеттегідей кеш айтылды. «Аландауға негіз жоқ» деген бас банкир Данияр Ақышевтың осындай «көріпкелдерге» жауабы газеттің осы бетінде жарияланып отыр.



«Кара алтынның» беталысын жігі бақылап отырғандар баррелдің бағасы жақын арада 40 долларға дейін арзандайды деген пікірде. Ал энергетика саласында кеңес берумен айналысатын Wood Mackenzie мұнайға арқа сүйейтін елдерге тосын жаналығын жеткізді. Компанияның есебінше, «кара алтын» өндіретін компаниялар 2016-2017 жылдары негізгі шығындарын 370 млрд долларға дейін азайтады. Соның салдарынан тұтынушылар 2020 жылға дейін 7 млрд мұнай алмайды. Компания өкілдері салыстыру үшін былтыр күллі дүниеде 33,46 млрд баррель өндірілгенін

Сырттан келетін туристер 2015 жыл	
Қазақстан	692 мың
Өзбекстан	2 млн
Қырғызстан	4 млн
Грузия	6,3 млн

Дереккөзі: Internet

Срайыл СМАЙЫЛ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

27

мың гектар. Астана түбіндегі осынша жерді Германия азаматы пайдаланып отыр

1,8

млрд теңге. Алматыдағы «Жетісу» қонақ үйінің аукционда бағаланған құны

4,5

сағат. Оралда жүргізушілер «көгілдір» отын кезегіне осынша уақыт тұрды

Аптаның ұсынысы

Данияр АҚЫШЕВ,
Ұлттық банк
төрағасы



«Жалпы, біз сарапшылардың пікірлеріне түсіністікпен қараймыз. Олар өз пікірлерін айтуға құқылы. Алайда жасаған болжамдары расталмаған жағдайда айтқан сөздері үшін жауап беруі тиіс деп ойлаймын. Оларды насихаттап, танымал ете отырып, біз кейде қоғамды жаңылыстырамыз. Сол үшін, мен белгілі бір тақырып бойынша бір емес, бірнеше сарапшының пікірі келтірілгенін қалаймын. Әсіресе, кәсіби сарапшылардың, яғни, нарықта, бірінші кезекте банк жүйесінде тәжірибесі бар сарапшылардың пікірін естігіміз келеді»

Ал әйтпесе!

Оралда құрылысына осыншама қаражат жұмсалған Жайық өзені жағалауының қазіргі жағдайы адам шошырлықтай.



Жайықтағы 500 миллион қайда?

Осыдан үш жыл бұрын жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізген мердігер компания кезінде бұл нысан табиғаттың кез-келген мінезіне төтеп береді деп мактауын асырған. Бірақ істелген іс пен айтылған сөздің арасы тым алшақ болып шықты. Қазір бұл жер қала тұрғындары демалатын орыннан гөрі қорқынышты фильм түсіретін алаңға көбірек ұқсайды. ktk.kz хабарлағандай,

субұрқақтың да істемей тұрғанына ұзақ уақыт болса керек. Тұрып қалған суынан айналаны жағымсыз иіс басқан. Аяқ астына төселген тастың да жағдайы мәз емес. Біркелкі салынбағандықтан, астынан шөп өсіп кеткен. Ал, мәрмәр плиталар сынып, түсіп қалыпты. Жергілікті шенеуніктер қала ортасындағы нысанның не себепті мұндай күйге түскенінен бейхабар.

Әлеумет.т⁰



Легионерге жұмсағанша, баланы жарылқайық

Осыдан оншақты жыл бұрын айдаладағы Угандадан келген легионер бізге футбол ойнап қыруар ақша тауып кетіпті. Кейін еліне оралып, футбол командасын құрады. Оның бұл бастамасын жергілікті тұрғындар мен қала мэрі қолдапты. Сол команда бүгінде әжептәуір жетістікке жетіпті. Сөйтіп, қазақтың байлығы, мемлекеттің қыруар қаражаты басқаны айтпағанда, Африкадағы Уганданың футболын дамытуға жарапты. Сонда бөтен жерге келіп пайда тауып, онысын өз елінің спортына дамытуға жұмсаған әлгі угандалықтың ұлтжандылығы күшті болғаны ма? Уақыт пен күш-жігер жұмсап өз еліміздің ойыншыларын дайындағаннан өзгенің дайын ойыншысын сатып ала салып, ұлттық намысымызды осылай көтеруге тырысатын біздің ұлтжандылығымыз күшті ме? Бұл — риторикалық сұрақ, керек десеніз....

Бізге футболмен шындап айналысатын уақыт келді. Осы кезге дейін қыруар қаржы бөлінгенімен, сол ақшаның бәрі өзгенің футболын дамытуға жұмсауда. Екі ортада агенттер шаш етекпен пайдаға кенеліп отыр. Олар бөлінген қаражаттың 70 пайызын иемденеді. Ал, осы легионерге кететін қисапсыз ақшаны балалар футболын дамытуға жұмсасақ, бізге біреу «кой» дей ме?

Қазақ футболын дамытуда соңғы кезде нақты қадамдар жасай бастаған Қазақстан Футбол федерациясы парламент пен үкіметке «Футбол жолы — 2026» стратегиясына қатысты Үндеу жариялады. Онда жақын күндері парламентте қаралатын «Спортты қаржыландырудың жаңа үлгісі туралы» заң жобасына сәйкес, республикалық және жергілікті бюджеттен жыл сайынғы бөлінетін қаржының

20 пайызын міндетті түрде балалар мен жасөспірімдер футболына, өңірлердегі футбол құрылымдарын дамыту мақсатына бөлу туралы ұсынысты қолдауды сұрады. Үндеуде «Бүгінгі таңда елімізде 700 мың адам футболға ықылас білдіреді. Оның ішінде 40 мың баланың футболмен жүйелі түрде айналысуға мүмкіндігі бар. Жыл сайын кәсіби футбол командаларын қаржыландырып, қамтамасыз ету үшін қазынадан біраз қаражат жұмсалады. Тек 2014 жылы 200 млн доллар жұмсалған. 2004 жылдан бергі жұмсалған шығынды қоса есептесек, бұл сома 1 млрд еуроға жетеді. Бұл қаржыға «Астана Арена» сияқты екі стадион салуға, немесе 16 жабық футбол манежін салып, спортшылардың игілігіне ұсынуға болар еді. Жылыту құрылысы бар 615 футбол алаңын салсақ, қаншама жасөспірім спортпен достасады десенізші! Немесе осындай қаражатпен балаларды футболға дайындайтын 5522 жаттықтырушыны оқытып, жұмысқа орналастыруға, он жыл бойы жалақы төлеп тұруға мүмкіндігіміз болыпты. Бұл өңірлерде 4 бірдей футбол академиясын құрып, он жыл бойы қаражатпен қамтамасыз етуге де жетеді екен. Ең бастысы, он жыл бойы есепсіз жұмсалған осы қаражатпен еліміздегі 400 мың баланың футболмен тұрақты түрде айналысуына жағдай жасауымызға болар еді» делінген.



Жалыра ШАМУРАТОВА,
журналист

Аптаның айтқышы

Ирина УНЖАКОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Дүкеннен аяқ киім алсаң тобығыңды қажайды. Себебі ол жаңа. Аяғыңды ауыртпау үшін шыдап, созылғанша киіп жүріңізге тура келеді. Біраз уақыт керек. Алайда біз ақылдымыз. Ақшамызды жерге көміп тастағымыз келмейді. Ол жайылым қашан пайда береді деп ақшамызды салғымыз келмейді. Ал жерді игеру керек».



Фотоайғақ

Алакөл – 2016



Туристердің демалу мәдениеті

Сиырмен «соттасу»

Қостанай облысында сиырдың қатысуымен болған жол көлік оқиғасы апелляциялық сотқа дейін жетті. Сот кеңесі барысында көлік иесі 2,5 млн теңге талап еткен болатын. Алайда сот шаруа жағына қарай шығып, қаржыны жартысына дейін қысқартты.

Көлік оқиғасы биылғы жылдың сәуір айында болған деп хабарлайды «Алау.kz». Жүргізуші жолдан өтіп бара жатқан сиырды қаққан. Ірі қараның иесі Қунай ауылының тұрғыны Атантай Тұрсымбаев. Алайда ол сот барысында, көлік апаты орнаған сәтте сиырдың оған тиесілі емес екенін айтқан. Бірақ та сату туралы Тұрсымбаев ешқандай құжат көрсетпепті. Апелляциялық сотта жүргізушінің шағымы шамамен бір сағаттай қаралды. Нәтижесінде сот шешімі өзгеріссіз қалды.

Мәселе



«Бұл жерде де ақша бар»

Министр «Мұндай жағдай Сирияда, Египтте орын алуы мүмкін, тек бізде емес деп ойлайды. Сол себептен мұндай жағдай орын алғанда қаруланған әскерилер болған жок. Міне, осы уақытта олар абдырап қалды. Сонын салдарынан каза болғандар да, жарақаттанғандар да болды... Бірақ соған қарамастан, дер кезінде есін жиған олар тойтарыс бере білді», — деді.

Тағы бір қойылған сұрақ 2016 жылғы 6-маусымда Токтар Төлешовпен бірге құрықталған әскерилерге қатысты болды.

«Оқиғаның анық-қанығын білу үшін, тергеудің аяқталуын күтейік», — деген Иманғали Нұрғалиұлы: — Бірақ сіздерге мынаны айтайын: «сыра королі» деген атаққа ие болған оны тұтқындаған соң, бейне таспа

алып келді. Оған Төлешовтың МГБ (КСРО мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі) қызметкері болған әкесінің құрметіне ресейлік әскерилер шақырылған «десантшылар слетін» қалай ұйымдастырғаны түсіріліпті. Ол «слетте» өте көп әскери техника көрсетіліп, ұшақтар да тартылған. Әрине, мен бірден қызметтік тексеру жүргіздім. Тексеріс олардың *(Б. Жумин, Қ. Пернебаев — ред.)* жоғарғы қолбасшылықтың келісімін алмай, өз бетімен әрекет еткенін анықтады. Содан кейін мен оларды командир міндетін атқарудан босаттым. Кейін олардың ісі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне тапсырылды. Менің ойымша, бұл жерде паракорлық сипаты анық көрінеді, оларға ақша берген..», — дейді.

«Шабуыл Ұлттық ұланның әскери бөлімшесіне жасалды, ол Ішкі істер министрлігінің бөлімшесі. Ол да әскери құрылым, бірақ бейбіт кезеңде ондай бөлімшелер Ішкі істер министрлігіне бағынады, ал соғыс уақытында — Қорғаныс министрлігіне. Сондықтан ондағы барлық бұйрық пен нұсқаулықтардың 80 пайызы әскери құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Шабуыл болысымен «Қарулан!» деген бұйрық берілу керек. Сол кезде әскери бөлімше толығымен дайын болуы керек». Осы аптада Қорғаныс министрі Иманғали Тасмағанбетов Алматыдағы Электроника және байланыс әскери-инженерлік институтында БАҚ өкілдерімен кездескенде Ақтөбедегі оқиға қатысты осындай түсініктеме берді.



Дау-дамай

Спортқа саясат жүрмейді, спортқа жеке көзқарас әсер етпеуі тиіс десек те, талай оғландарымыздың опық жеп, бармақ тістеп, тіпті өмірден баз кешіп, тағдыр талайына ұшырап жататындары аз емес. Тарих парағына көз жіберсек, «коммунизмге адалдықпен, тазалықпен» ұрандап жетуге сәл-ақ қалған Кеңес заманында да спорт саңлақтарының сіркесі су көтермей, көре алмаушылық пен жаланың, қысастықтың, кектің, ызаның ызғарына ұшырап, ығына жығалғанын біреу білсе, бірі білмейді.

Ол — Олимпиада жанкүйеріне айналды. Неге?

Мәселен, аты аңызға айналған балуан Шәміл Серіковтің тағдыры қалай аяқталды? Алақайлап келіп, аяқтан шалушылар мен құшақтап тұрып, арқадан «пышак ұрушылардың» кесірінен өмірден ерте өтті. Мәскеу Олимпиадасының алдында Шәміл барлық жарыстардан топ жарып шықса да, оған жолдаманың берілуін әділетсіз деп санағандар да табыла кеткен. Ульяновск қаласының басылымдары былай жазған еді: «Біздің жерлесіміз Константинов Олимпиаданың екі дүркін чемпионы атанар еді. Монреаль Олимпиадасында жеңіске жеткен Константинов нәтиже бойынша өтіп тұрған, алайда сол жылы Қазақ КСР-нің алпыс жылдық мерейтойы болды. Брежневке бір қонырау шалынып, қазақ халқының мерейтойына осындай «сыйлық» жасалды». Мұндай сандырақтар шамына тисе де, Шәміл 1978 жылы Мехикода және 1979 жылы Сан-Диегода өткен әлем чемпионаттарында қарсылас шыдаптағаны тарих беттеріне алтын әріптермен жазылды... Қазақтың ішінен грек-рим күресі бойынша әлемді алғаш мойындатқан Шәміл Серіковке көреалмаушылар небір қитұрқы әрекеттерін жасап баққан еді. Ал, спортшыларымыздың бүгінгі ахуалы қандай? Әділетсіздіктен әрі-сәрі болып жүргендер бар ма? Республикалық спорт колледжінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы Аamalбек Тишановтың пікіріне сүйенсек: «Ауыр атлеттеріміздің допингпен айыпталуы Қазақстанға қолдан жасалған қысастық деген пікірге қосыла қоймаймын. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» дегенді де ескеруіміз керек. Өйткені, ешкім жокты бар етіп жанынан қоспайды. Біз ғана емес, Ресейдің жеңіл атлеттері де допинг дауына шатылып жатыр. Басқа да мемлекеттер бар. Бірақ, әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстарда жеңіске жеткеннің бәрі дауға ілігіп жатқан жок.» деп бір басылымға сұхбат береді. Былайғы көзі қырақты жұрт допинг дауы әдейі жасалған қысастық деп өзеурейді. Мұның бәрін неге тізбелеп отырғанымы



ішініз сезген де болар, құрметті оқырман! Енді бірнеше күннен кейін Рио-де-Жанейродағы атакты «Маракана» стадионында кезекті жазғы Олимпияда алауы жанып, айтулы аламан басталады. Байдаркада ескек есу спорты бойынша былтыр ғана Олимпиада лицензиясын жеңіп алған Дәулет Сұлтанбеков дүбірлі доданың тықыры жақындағанда ұлттық құрамадан шеттетіліп шыға келді. «Апам да аң-таң, мен де аң-танмын...» дегендей, бұл жағымсыз жаңалық талайлардың жағасын ұстатты. Әркімнің көңілі өзіне патша, әрқилы ой-пікірлер айтылып та, жазылып та жатты. Ал, шын мәнінде, бұл Дәулет Сұлтанбековке әдейі жасалған қысастықтың нақ өзі еді. Тепсе темір үзетін 21 жастағы жігіттің тауы шағылып, жігері құм болғанын оның орнында болған адам ғана түсіне алар! Екпіндеп келіп, етпетінен жығылу деген осы шығар, сірә? Өзі жығылса мейлі ғой, өзге біреу, өзге біреу деп отырғанымыз — Беларусьиadan шақыртылған бас бапкер Андрей Шантарович шатқаяқтап, шалағай шешім қабылдады. Азия ойындарында алтын жүлде алған Дәулет бауырымыз бас бапкерге несімен жақпай қалды? Әлде, мұнда да сайқал саясаттың салқыны жатыр ма? Әлде басқайды бақай есебі болды ма екен? Осы соңғы

пікіріміз көңілге қонымды ғой деймін, А.Шантарович өзімен көзқарасы бір, ішкі түйсіктері үйлескен, айтқанын «ағалап» орындайтын спортшыны дүбірді додаға қатыстыруға мүдделі болған сияқты. Ол үшін себеп керек қой? Себепті де «сүйретіп» әкелуге болатындай... Дәулеттің тамағы ауыратын, *(ангина-баспа)* сол ауруы мазалай берген соң, көктемде емделуге рұқсат сұраған. Бас бапкері

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Қылмыс

Қазақ буржуазиясы қалыптасып келеді деп жүрген көпшіліктің көңілі неден қалды? Оған депутаттың өзі де кінәлі ме? Қалың бұқараға неге кәсіпкердің миллиардтары мен «жалаңаш» видеосы қызық болды?

Өндіргеновтен «өндіріледі»



Ақтөбе облысы мәслихатының депутаты, жергілікті автопарктің жетекшісі, кәсіпкер, әрі меценат Мейіржан Өндіргенов осы аптада төрт жылды арқалап кете барды. Жыл жарымға созылған атышулы сот процесі қоғамның қызу талқысына түсті. Қалың көпшілікке оның миллиардтары қызық болса керек. Өндіргеновке тиесілі қаражатты тергеушілер бес сағат ақша есептейтін құрылғымен санағанын айтып, таңдай қағысып жатты. Таңғалуға да болады. Себебі тінту кезінде 1,5 млн теңге емес, үйінен 1,5 млрд теңге табылған. Ал өткен жылы М. Өндіргенов пен «Автопарк» мекемесінің бұрынғы директоры Е. Әділовке 4,5 миллиард теңге жымқырды және ұйымдасқан қылмыстық топ құрды деген айып тағылған болатын. Ол бес жыл бойы зейнеткерлер мен мүгедектерді өзіне тиесілі «Автопарк» арқылы ақысыз тасымалдағаны үшін заңсыз субсидия алып келіпті. Басына іс түскенде, әсіресе өзінен камкор көрген жандар арасында оны қорғаштайтындар табылды. Ғаламтор беттерінде бейнероликтер пайда болып, танымалы бар, аса танымал емес жұлдыздары бар, «Мейіржанды ақтап алу керек», — деген сарында пікір білдірді. Күндердің күнінде ватсап арқылы анайы сипаттағы бейнеролик тарап кетті. Депутаттың неге ондай жайтқа барғаны түсініксіз. Жұртшылықтың назары миллиардтардан әлгі «жалаңаш»

роликке ауып, депутат туралы жағымсыз пікір қалыптасты. Оны қорғаштап жүрген жанашырлары бірден кезінде ақтап алу үшін салған бейнероликтерін өшіре бастады. Осы аптада сол өңірге алаяқтығымен есте қалған бұрынғы депутатын ісіне қатысты нүкте қойылды. Облыстық соттан хабарлағандай, Мейіржан Өндіргенов «алаяқтық, яғни мемлекеттік бюджетті адамдар тобының алдын-ала сөз байласуымен, алдау арқылы, аса ірі мөлшерде жымқырғаны үшін кінәлі» деп танылып, 4 жыл мерзімге, компанияның вице-президенті Ербол Әділов 3 жыл мерзімге, бас бостандықтарынан айрылып, жаза өтеу орны жалпы режимдегі түзету колониясы белгіленген болатын. Сонымен бірге олардың мүліктері тәркіленетін болды. Өндіргеновтің үйінде, жұмыс орнында және банк есепшоттарынан табылған қаржының келтірілген залалды жабу үшін және мемлекет пайдасына өндірілетіні белгілі болды. Депутатты «Құрмет» орденінен айыру туралы да ұсыныс түсті. Сот үкіміне сәйкес, депутат бастаған бірнеше адам субсидия ретінде берілген 900 миллион теңгеден аса қаражатты жымқырып, мемлекеттік бюджетке аса ірі мөлшерде залал келтірген.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

басын шұлғып, мақұлдап қалған болатын. Емделіп жүрген Дәулет Қазақстан чемпионатына келе алмады. Шантарович ел біріншілігіне

Жедел сұхбат



— Сіз бір басылымыға берген сұхбатыңызда «Рио Олимпиадасына баратын Жамбыл облысының балуаны Әділет Дауланбаевқа киянат жасалды», — деп айттысыз. — Ия. Әділет өте мықты балуан. Ол биыл Олимпиадаға барамын деп қатты үміттенді. Жаттығу залына жиі барып дайындалып жүрді. Шілденің үші күні Германияның Дортмунд қаласында өткен жарыста оның орнына Олимпиадаға кеткен Аслан Кахидзе екеуі беллесті. Сол кезде Әділет Кахидзені 6-2 есебімен жеңді. Бұл олардың биылдыққа бірінші рет белдесуі. Бұған дейін де Кахидзе талай жеңілген. Әділетке әділетсіздік жасалды. Тіпті қастандық жасалды десем де артық айтқаным емес. Ал Асланды дүбірлі додаға апарайық деп ұсыныс тастаған аға жаттықтырушы Сергей Белоглазов. — Рио Олимпиадасында қай спортшы еркін күрестен жүлделі орынға таласа алады? — Нақты дөп басып айта алмаймын. Бірақ жүлделі орынға таласа алатын балуандар бар. Өте жақсы дайындықпен кетті. Балуандарымыз қоржынымызға міндетті түрде еркін күрестен медаль салады деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан Мадияр АРЫСТАНБАЕВ

қатыспауға өзі рұқсат бергенін «ұмытып» шыға келді... Д.Сұлтанбеков медициналық анықтамасын көрсетсе де, бас бапкер басқаша сөйлеп, басын шайқады... Айтағыны сол: «Дәулет көп ауырады» екен. — Созылмалы ангинаммен ауырып жүргенімді жасырмаймын, — деді ол іштегі шерін ақтарып, — осы ауруды он жыл су кешіп жүріп, асқындырып алдым. Бірақ қыстай ем-дом қабылдап, жазда өз орнымнан табылып жүрдім, төрт кісілік байдарқадағы серіктеріммен ел намысын абыроймен қорғап келдім. Енді міне, мына жағдай төбемен жай түскендей әсер етіп отыр... Өзінің айтуы бойынша, «осы сыйлығы» бетке айттып салатын тік мінезінен бе, кім білсін? Ол шын мәнінде намысшыл, ұлтшыл жігіт. Елі, діні, ділі, қазағы туралы тайып жығылатындай жылтыр сөздер айтылса, шыдап отыра алмайды, көмекейіне келген сөзін айтып салады. Өкініштісі сол, байдаркада ескек есу спортындағы жалғыз қазақ енді Рио Олимпиадасына бара алмайды. Оның орнына Украинадан келген легионер Сергей Токарницкий деген біреу «көсегемізді көгертпек». Әйтеуір, сырттан маман алуға, сырттан легионерлер жалдауда алдымызға жан салмайтын болдық. Дүбірлі додаларда қазақ спортшыларының үлес салмағы тым аз болып келетіні де, бас бапкерлердің басын қатырмайды. Кеше ғана қуанышы қойнына сыймаған бауырымыз енді Риодағы олимпиаданың жанкүйеріне айналып шыға келді...»

Мұхтар ЖҰМАШҰЛЫ,
Шымкент

Жанайқай

(Басы 1-бетте)

Қазір Нұрлы көште 274 отбасы, шамамен 1400 адам тұрып жатыр. Мұнда 500-ге жуық бала бар. Оның 250 мектеп оқушысы да, қалған 250 мектепке жасы толмаған бүлдіршін. Сөз арасына шамамен деген

ит байласа тұрғысыз. Әуел баста 274 отбасы «Сарыарқа» ӘКК-мен келісім-шартқа отырған.

— Кейін бізді «Есіл» ӘКК көшірді. Өйткені, Сарыарқа тарап кеткен болатын. Одан тұрғын үй-коммуналдық кәсіпорнымен келісім жасайсындар деді. Бір қабатты 75 шаршы метрлік тұрғын үйдің сол кездегі құны 3 миллион 200 мың теңге болатын. Біз осы несиені өтеу үшін ай сайын 25-30 мың теңге көлемінде

электр қуаты бар. Бір бағытта болса да автобус жүріп тұрады. Көшелердің тазалығына, абаттандырылуына ұдайы назар аударылады. Бірақ, жұмыссыздық дейтұғын мәселені шешуге қауметі жететін емес.

Ағайынның мұңы, Нұрлы көштің жырғы

былқылдақ болжамды қосуымыздың себебі бар. Өйткені, қазір бұл ауылда тұрақтылық жоқ. Бірі кетіп, бірі келіп сапырылысып жатыр. Сондықтан дәл айту қиын. Алдымен оқушылар жайы. Нұрлыкөштің 250 оқушысы көршілес Красный Яр селосының үш мектебінде білім алуда. Бастапқы жылдары осыншама оқушыны жалғыз автобус тасыған. Бір автобуска

қаржы төлеп тұруымыз керек болды, — дейді бастамашыл топтың белсенді мүшесі Туғанбай Жырғау, — бірақ, көптеген тұрғындар мұндай қаражатты уақытылы тауып бере алмайтын болып шықты. Өйткені, келісім-шартта көрсетілгеніндей жұмыс тауып бере алмады. Қазір бізде қордаланып қалған әлеуметтік мәселе өте көп. Оның ең біріншісі білім ошағының жоқтығы. Сондай-ақ, пошта байланысы, әлеуметтік-тұрмыстық үйі де жоқ. Нұрлы көш ауылын салғанда бастапқы жоба бойынша тұрмыстық қызмет көрсететін үйі де, балалардың спорт алаңы да бар болатын. Бірақ, қаржы бөлінбеді ме, кім білсін салынбай қалды. Бұл ауылда монша да жоқ. Бізге берген үйлерінің жанында ас-су, отын-көмірімізді қоятын сарай, мал қоралары тәрізді қосалқы құрылыстар да салынбады. Ең бастысы, үйлердің құжаты жоқ. Қазір әуел баста осы үйлерді келісім-шартпен алған әлденеше қандастарымыз шет елге көшіп кеткен немесе жайлы жер іздеп өзге облыстарда жүр. Ал, олар өз үйлеріне пәтерші жіберіп отыр. Енді қараңыз, тұрғын үйдің құны өтеліп

Қазір Нұрлы көш ауылының тұрғындары облыс әкімі Сергей Кулагиннің атына өтініш дайындап жатыр. Өз өтініштерінің соңында олар тәуелсіз комиссия құрып, сапасыз салынған үйлердің нақты құнын анықтауды талап етеді. Үйсіз жүрген, таяу және алыс шет елдерден көшіп келушілер орналасу үшін заңсыз тұрып жатқан тұрғындарды шығарып, тәртіпке келтірілсе дейді. Оның үстіне балалар бақшасын, білім ошағын, балалардың спорт алаңын салса, азын-аулақ мал бағып отырған ағайындардың жағдайын ойлап, шабындық және жайылымдық жер бөліп берсе, ұзын-ырғасы сегіз шақырым болатын жолға қатты жамылғы жабылса деген тілектері бар.

«Әп-әдемі ән еді, пұшық шіркін қор қылды» демекші, ел жайын, жұрт қамын ойлаған жап-жақсы бағдарламаның жеткен жері осы болып тұр. Ендігі арала олқылықтың орнын толтырса, Отанына оралған ағайынның да көңілі орнына түсіп, қатарға қосылып кетер еді.

Енді осы мәселе бойынша Красный Яр селолық округінің әкімі



«Рас, тұрғын үйлерде кем-кетік болды. Ақмола облысының әкімі Сергей Дьяченко болып тұрған кезде қосымша 250 миллион теңге қаржы бөлініп, олқылықтың орны толтырылды. Алғашқы тартылған су құбырлары қысты күні қатып қалатын, үйлері суық болды. Қазір ондай келеңсіздіктер жоқ»

теңге бөлініп, 138 тұрғын үй салынған болатын. Рас, тұрғын үйлерде кем-кетік болды. Ақмола облысының әкімі Сергей Дьяченко болып тұрған кезде қосымша 250 миллион теңге қаржы бөлініп, олқылықтың орны толтырылды. Алғашқы тартылған су құбырлары қысты күні қатып қалатын, үйлері суық болды. Қазір ондай келеңсіздіктер жоқ. Ауыл тұрғындарымен тілдескенде, ең суық күндері екі-үш шелек көмір жағатындықтарын айтады. Тұрғын үйдің құжаты алушы адам несиені толық өтегенде ғана толтырылады. Бірақ, 2009 жылдары бір шеті Америкадан, Түркия мен Монғолиядан, Қытайдан көшіп келген оралмандардың қайсыбірі жерсінбей қайта көшіп кетті. Себептерін зерттеп көрдік. Оның өзі әртүрлі. Әркімнің отбасылық мәселелері, жұмыс жағдайы, балаларының өрісіне байланысты. Енді ол үйлерде пәтершілердің тұратыны рас. Қазір біз осы бағытта қыруар жұмыс жүргізіп жатырмыз. Әкім мырзаның айтуы осындай. Екі жақтың да пікірін тыңдап көрдік. Екеуінде де көңілге қонымды тұстары бар. Әзірге не мөлтек аудан, не өз алдына жеке елді мекен екендігі белгісіз.

Байкал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы



қаншасы сияды дейсіз. Қалғаны екі шақырымдай жердегі селоға жаяу-жаппылап баратын. Көктем мен күзде ештеңе емес, қақаған қыста бастауыш сыныптың оқушысы кенірдегінен келетін қасат қарды сызып, «білім қуып» бара жатқанын көргенде ата-аналарының көкірегі қарс айырылатын. Кейін тұрғындар облыстық әкімдікке шағымданған соң екінші автобус бөлінген. Бірақ, 250 балаға екі көлік те аздық етеді. Жалпы көлік мәселесі жайында сөз сабақтаған соң тұтас айта кетелік. Нұрлы көштің адамдарында жалғыз-ақ №13 автобус қатынасы бағыты бар. Оның өзі қаланың бір қиырындағы «Көктем» мөлтек ауданына дейін ғана жүреді.

Ең басты қиындық — тұрғын үй. Мұндағы баспаналар бес үлгі бойынша салынған. Асығыс салынғандықтан ба екен, әлде басқа бір себептері болды ма, тұрғын үйдің сапасы сын көтермейді. Көптеген тұрғын үйлердің қабырғасы жарылған, төбелері түсіп кетудің аз-ақ алдында тұр. Қысты күні сыпайылап айтқанда,



жатқан жоқ қой. Құны өтелмесе де, келісім-шарт жасасқан адам пәтерші жіберіп пайда тауып отыр. Рас, Красный Яр селолық округінің әкімдігі қолдан келгенінше көмек-жәрдемін көрсетуде. Су,

Аптаның айнасы

Екібастұзда 24 жастағы қыз қаржы пирамидасын құрғаны үшін бес жылға бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар Ғалия Ариустинаның мүлкі тәркіленіп, өмір бойына құмар ойындарды ұйымдастыру ісімен айналысуға тыйым салынды. Екібастұз қалалық соты баспасөз қызметінің хабарлауынша, алаяқ жазасын жалпыға бірдей колонияда өткізетін болады.

Ол жарты жыл ішінде 44 адамды алдап, 25 миллион теңгені қолды қылған. Жәбірленушілер қатарында Павлодар және

Зейнеткер мен мұғалімді алдады



Екібастұз тұрғындары. Салымшыларды сендіру үшін ол әртүрлі презентациялар ұйымдастырып, бірінші клиенттерге қомақты қаржы беріп отырған. Клубқа салынатын қаржы 120 мыңнан миллион теңгеге дейін болған. Алаяқ салымшыға ақшасын бес есе қайтарып алатынына уәде берген. Алданғандардың арасында Екібастұз қаласының наркология диспансерінің қызметкерлері, мұғалімдер, әлеуметтік мекеме қызметкерлері және зейнеткерлер болған.

— Редакциямызға оқырман тарапынан Алматы қаласындағы ауыз су мәселесіне қатысты көп хат келіп түседі. Онда судың қатты, ішкенде ауыр темірдің дәмі сезілетіні айтылады. Бұл адам денсаулығына қаншалықты зиян?

Сауалы

«Жас қазақ»

Жауабы

Ақбота ЖЫЛЫСОВА, «Алматы Су Холдингі» қоғаммен байланыс жөніндегі маманы:

«Алматы қаласының суы негізгі екі бөлікке бөлінеді. Біріншісі — жер үсті көздері: Үлкен және Кіші Алматы өзендері, екіншісі — жер асты: Алматы, Ақсай, Талғар су бөзеттері. Ал Алмаларсан шатқалында Үлкен Алматы өзені бағытындағы құбыр дәл осы ауыз суды алатын құбырлардың бастауы. Жер үсті көздерінің суы тұтынушыға берілмес бұрын технологиялық регламентке сәйкес тазартудан өтеді. Жер асты суы 150 метрден 500 метрге дейінгі тереңдіктен алынады. Суды зарарсыздандыру кезінде гипохлорит натрий қолданылады. Ол кезінде кәдімгі ас үйде пайдаланатын ас тұзы. Көптеген тұтынушылар судың қаттылығы денсаулық үшін зиянды деп санап әртүрлі сүзгілерді орнатады. Соның нәтижесінде минералдау деңгейі азаяды. Біздің қаладан тұрғындарға берілетін су, қауіпсіз және санитарлық нормаға сәйкес, қосымша суды тазалауды талап етпейді».



Тіл майдан

Астана көшелеріндегі жарнамалар мен жазбалардағы өріп жүрген қате азаймай отыр.

Биылғы жылдың басынан бері сыртқы жарнама және көрнекі ақпараттың 1059 нобайы сараптамадан өтіп, жарнама мәтініндегі 342 қате түзетілген. BNews.kz сайтының хабарлауынша, Астана қаласы тілдерді дамыту басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаев та қатенің көп екенін мойындап отыр. «Өйткені, қалада жанбырдан кейінгі санырауқұлақтай күнде бір нысан ашылады. Бірі дүкен, бірі дәмхана, енді бірі тігін шеберханасын ашады. Олар рұқсат қағазын алады да, атауын қоя салады. Заң жүзіндегі тәртіпті білмейді. Оның



дизайнын сәулет басқармасында келісіп, қателерін біз қарауымыз керек. Қателерді анықтау үшін күн сайын көшелерді аралап, карап, суретке түсіреміз», — деп ақталады Т.Қышқашбаев.

«Жас қазақ» ұжымы газетімізде ұзақ жыл қызмет еткен белгілі журналист Төлен Тілеубайға анасы

Тілеужанның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Жас қазақ» конференциясы

Берік СҰЛТАН: Өткен аптада «Коммуникативті бастамалар мен стратегиялар» қоры және «Жас қазақ» Ұлттық апталығының ұйымдастыруымен конференция өтті («Жас қазақ» №29-30 «Интернеттегі белсендік»). Оған қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып, өз пікірін білдірді. Басқосудың бас серіктесі — Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры. Ал бүгінгі жиын соның жалғасы. Қазір өзекті деген 4 тақырыпты талқылайтын боламыз. Олар: қазақ тілді аудиторияның интернеттегі белсенділігі, қоғамдық мәселелерді шешудегі ықпалдылығы. Қандай тақырыпты тиісті деңгейде көтеріп жатырмыз. Тасадан тыс калып қойып жатқан мәселені де айтайық. Сонымен қатар интернеттегі жалған ақпаратпен күресу. Кейде біліп тұрсақ та, білмесек те жалған ақпараттың құрбаны болып жатамыз. Осының себебі неде? Қалай күресуге болады? Осы мәселе төңірегінде әңгіме өрбітетін боламыз.

Бауыржан КАРИПОВ: Қазақ аудиториясы бұрыннан белсенді болған. Соңғы кездері «әлеуметтік желі біздің елде ғана саяси алаңға айналды», — деген пікірді жиі естимін. Ал басқа елде олай емес деп айту дұрыс емес. Мен онымен келіспеймін. Әлеуметтік желінің резонанс тудыруы бізде емес, өзге елдерде де бар. Соңғы кездері қоғамдағы мәселелерді де әлеуметтік желіден қарайтын болдық. Қазір ақпараттың дәуірі. Кез-келген адам популизмге құмар. Әрбір адамнаң қолында смартфон бар. Мысалы ұшақ құлап бара жатса, ол ұшақтың ішіндегі қанша адам зардап шегетіні маңызды емес болып қалды. Маңыздысы сол, ұшақтың құлағанын бірінші болып беру, сол туралы ақпаратпен бірінші бөлісу. Бұл тенденция бүгінгі ақпараттың сапасына әсерін тигізіп жатыр. Ал интернеттегі қазақ тілді аудиторияға келетін болсақ, бүгінде өте белсенді. Мысалы жер мәселесіне қатысты мәселені көтерген болатын. Кейбір көп оқылатын орыстілді сайттар қазақ сайттары мен басылымдары қозғаған мақалаларды бере бастады.

Срайыл СМАЙЫЛ: Журналистердің ақпаратты бірінші болып таратсам деген құлшынысы интернетке дейін пайда болған. Мен осыған қатысты бір қысқаша мысал келтірейін. 1962 жылы Кеннедиге қастандық жасалған күні Америкадағы бір журналдың кезекті санының шығуына бір күн қалған екен. Ол кезде қаріптер қорғасынмен терілетін заман. Бірмен теріп дайындап енді баспаға жіберейін деп жатқан кезде «Кеннедиге қастандық жасалды» деген хабар келеді. Енді не істеу керек? Егерде журналда қастандық туралы айтылмаса, бөсекелестерінен калып қояды. Сонда журнал ең мықты журналисіне қомақты қаржы беріп Даласқа аттандырады. Ол сол қастандық туралы видеоны сатып алып, түнімен ақпаратты жібереді. Ертесінде журналдың тиражы артып, бірден танымал болып кетті. Ал, қазіргі таңда интернет танымал болу жағынан барлық мүмкіндікті беріп отыр. Қазақ аудиториясының қоғамдағы азаматтық

(Басы 1-бетте)

«Жас қазақ» газетінің кезекті конференциясына қатысқан «Қазақстан» Ұлттық телеарнасының (Алматы қаласындағы филиалының) атқарушы продюсері Дәурен Дариябек осындай пікір айтты. Ғаламтордағы қазақ тілді аудиторияның бүгінгі деңгейі талқыланған жиынға газеттің Бас редакторы Срайыл Смайыл, saravan.kz сайтының Бас редакторы Оразәлі Баймұрат, «Қазақстан Заман» газетінің жауапты хатшысы Бауыржан Карипов, «Болашақ» жастар қозғалысының өкілдері Берік Ағыбаев пен Талғат Жанысбай, журналист Сәкен Көкенов пен Ақтөбеден арнайы келген әріптесіміз Асқар Ақтілеу қатысты. Алқалы

жиынның жүргізушісі – Берік Сұлтан.



Жазса, жаза берсін

бастаманы, мәселені көтеруі жер мәселесінде қатты қоғалды. Оның ішінде популизм де кетті, бір-біріне қарама-қарсы топтардың соғысына айналып кетті. Интернет біздің өмірімізде қандай рөл атқарып жатыр. Қазақ тілді аудиторияны қандай тақырыптар қызықтырады. Осы жөнінде салыстырып айтсақ.

Берік СҰЛТАН: Орыс аудиториясы кез келген тақырыпты қозғап жатады. Ал біз дін, тіл, ұлт төңірегіндегі мәселелерден шыға алмаймыз. Мұның себебі неде ?

Берік АҒЫБАЕВ: Қазіргі таңда дін мәселесі басты проблемалардың біріне айналды. Біз «Болашақ» қозғалысы сауалнама жүргіземіз. Онда базар жастарының да мәселесін көтеруге тырыстық. Шын мәнінде олардың дінге бет бұрғандығы дұрыс па, әлде бұрыс па? Осы жағыда аландатады. Популизм туралы айтатын болсақ, кейбір сайттар бір бірімен әңгімелескенін өзін ақпарат ретінде беріп жатады. Осыған ішім ашиды. Өтірік нәрседен гөрі шынайы ақпарат салса. Мұндай ақпараттардың таралуына шектеу қойылу керек шығар. Жұлдыздардың киген киіміне дейін басты тақырыпқа

ақпаратты қалай қабылдайтынын өзі біледі. Қандайда бір тақырыпты қозғау үшін аудитория керек. Бізде кей сайттар жұмысын бастағанда ең алдымен күрделі сараптамалық материалдарды беруге тырысады. Бірақ бәрібір рейтинг жинауы керек. Ал рейтингті таза біліктілік жолымен жинау өте қиын. Бұл жылдарға созылады, қырауар жұмысты қажет етеді. Сондықтан олар артынан аудиторияның ырқына жығылады.



Берік АҒЫБАЕВ

түрде дамуы үшін, жалған ақпаратпен күресу керек.

Берік СҰЛТАН: Танымал тележүргізушілердің орнына әнші, айтыскер, актерлар бағдарлама жүргізір жатыр. Бұл да қазақ журналистикасы деңгейінің төмендеуіне әсер етпей ме?

Талғат ЖАНЫСБАЙ: Жыл өткен сайын журналистердің статусы төмендеп бара жатыр. Қазіргі таңда сайтқа жариялайтын материалды да редакторлар бақылап отырса деймін. Кез келген ақпаратты бере бермеу керек. Қазіргі таңда өзекті мәселені талқылайтын Фейсбук желісі енді енді қарқынды дамып келеді. Ал Инстаграмда әншілер не жеп отырғанын салып, сол төңіректен аспай отыр. Ал Вконтакте желісінде жастардың 70 пайызы отырады. Ал ол желіде саяси мәселе талқыланбайды. Тек бір-бірімен танысу мақсатында отырады. Журналистердің деңгейін көтеру керек. Сонда жұлдыздар БАҚ-тың бетін жауламас еді. Этика-эстетиканы бақылап отыратын ортаның керектігі байқалады. Бұл, әсіресе интернеттегі ақпарат жариялылығының сапасына көмегін

тигізетін еді. Сондықтан жеңіл желпі сайттарды назарға алу керек.

Берік СҰЛТАН: Журналистиканың түйткілді мәселелерді шешуге ықпалы қалай болып жатыр?

Асқар АҚТІЛЕУ: Көбінесе жаңалықтар Астана, Алматы сынды ірі қалалардың төңірегінен шықпай жатады. Аймақтың мәселесі көп жағдайда шет қалатыны бар. Мәселен, өңірдегі бір мәселе жазсаң, әрмен қарай соны әріптестер іліп әкетпейді. Орыс сайттары оны жазалды. Сонан соң барып қазақ тілді ақпарат ортасы ояна бастайды. Қысқасы, қазақ тілді аудиторияға, қазақтілді басылым яки сайт көкейкесті мәселені көре білмейді. Содан барып тек, жұлдыздар туралы материалдар алға шығып кетеді.



Асқар АҚТІЛЕУ



Дәурен ДАРИЯБЕК

Дәурен ДАРИЯБЕК: Кейінгі кезде қазақ тілді аудиторияның талқылайтын тақырыбы жұлдыздар төңірегінен шыға алмай жүр. Қазақ тілді аудитория үшін керек тақырыптарды жариялау керек. Жеңіл-желпі, арзан дүниені жазатын журналистер жаза берсін. Оған бола шала бүлінудің қажеті жоқ. Айтады, қояды. Біз тек салмақты дүниенің көбеюіне күш сала беруіміз керек. Сайып келгенде, бұл қазақ тілді журналистиканың әлі толық дамымағандығын білдіреді.

Дайындаған
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Дәстүр

Қазекем қашанда ақ орамалды қастер тұтып, қадірлей білген. Сонау ықылым замандардан бері ақ орамал салт-дәстүрімізде берік орын алып, адалдықтың, ақ ниеттің, пәктіктің, бейбітшіліктің ізгі иіріміне айналып келеді. Ата-бабаларымыз жау жағадан алып, оның ақыры бітімгершілікке ұласқанда да, ортаға ақ орамал тасатаған. Оның бер жағында екінші дүние жүзілік соғыста екі жақ келіссөздер жүргізер болса, әскерилер ақ шүберек көтеріп, диалогқа барған.

Ақ орамалдың қадірі кейінгі кездері кете бастағандай... Келіндер келін болып, босаға аттағанда ғана басына ақ жаулық тартып, «баяуы сінген сон», көшеге шыға қалса, орамалын сөмкесіне сала қоятындыры жасырын емес. Қалай десек те, қалай бағаласақ та, ақ орамалдың мазмұны тереңде жатыр. Сондықтан болар, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммитте жариялаған «Әлем. XXI ғасыр» манифесін насихаттау және Семей ядролық полигонының жабылуына 25 жыл толуын атап өту мақсатында Қазақстан Халқы ассамблеясы «Ақ орамал» республикалық акциясын өткізуге бастама көтеріп, бүгінде осынау іс-шаралар жер-жерде жалауын көтеріп отыр. Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанына құрылған Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Аналар шаңырақ шуағы» іс-шарасы да талай жанның жүрегіне мейірімділіктің, ізгіліктің нәрін құйған айтулы оқиға болды. Шымқаладағы N1 облыстық перинаталдық орталығында өткен шара несімен ойландырды? Осы сауалға жауап іздеп көрелік. Шараның мазмұны айтып тұрғандай, халықтың этностық шығу тегіне, әлеуметтік, діни немесе басқа да ерекшелігіне қарамастан қала тұрғындары бейбітшілік

Ақ орамал – ізгіліктің иірімі

аясына шоғырланды. Салт-дәстүріміздің өрісі кеңейді. Жастар бейбітшіліктің қадырын терең түсіне бастады. Қазіргідей елдің тынышын алып жүрген ланкестер қайғы мен қасірет әкеліп отырған кезде мұның мәні орасан зор екені даусыз. Елбасымыз Н.Назарбаев жыл сайынғы жолдауында да бейбітшілік пен ұлттар татулығын назардан тыс қалдырған емес.

Халық ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Балкия Көмекбаева өз сөзінде ақ орамалдың философиялық мән-мағынасына, осынау іс-шараның «Жер планетасындағы бейбітшілікті қолдаймыз!» ұранымен өтіп жатқандығына тоқталды. Мұндай іс-шаралардың облыстың барлық аудандарында 1-ші және 29-шы тамыз аралығында өтетінін мәлім етті. Жас аналардың сәбилеріне ақ жол, бақытты өмір, парасатты көңіл тіледі. Дауыс күшейткіштен: «Біз ланкестерге қарсымыз!», «Болашақ ұрпақтардың жүрегіне ізгілік нұры ұяласын!», «Ядролық қару жойылсын!» ұрандары айтылып, ана туралы әндер шырқалды.

— Бүгін мен үшін қуанышты күн! — деп көтеріңкі көңіл-күйін жеткізді Әнипа Боранбаева, — келінім Айжан шекесі торсықтай Әли есімді ұл әкелді өмірге. Ұлым Самат пен ағайын-туыстардың қуаныштары асып-төгіліп жатыр. Оның үстіне «Аналар — шаңырақ шуағы» акциясына қатысып, тағы бір мерейіміз өсіп қалды. Жана босанған аналарға ақ орамал сыйланп жатыр. Солардың арасында менің келінімнің болғанына жүрегім кеудеме сыймай тұр. Елімізде тыныштық болсын, мына ұрпағымыз бейбіт заманда өмір сүрсін деп



тілеймін. Өзімнін де сонау жылдары ақ орамал тартып, келін болып, босаға аттағаным есіме түсіп отыр. Аналар аман болсын!»

Облыстық перинаталдық орталығының мейірбикесі Гүлбахар Оразова: «Жас аналар қуанып-ақ қалды. Енді олар бұл іс-шараны ұзақ уақыт естерінде сақтайтын болады. Кейбірі селфи жасап, құрбыларымен хабарласып жатыр. Он шақты жас аналардың қатарында тұруға қызығушылық танытқандары қаншама?! Мәселе сыйлық алуда ғана емес, өздерін елеп-ескерген

жаулықты аналардың бір мезгілде жүріп өтуін ұйымдастыру да уақыт еншісінде.»

Бояуы анық та, қанық бұл бастаманың берері көп екенін түсінді. Дәл осындай акция сол күні қалалық неке сарайында жалғасын тапты. Шаңырақ көтерген жас келіндерге ақ орамал сыйға тартылды.

Мұхтар ЖҰМАШҰЛЫ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Басқосу

Оның 1858 жылы Лондонда жарық көрген «Шығыс және Батыс Сібірдегі зерттеулер» атты екі томдық еңбегінде Семей, Аягөз, Қапал, Алматы қалалары мен бекіністеріндегі тұрғындардың шаруашылығы, қазақтардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, билеуші топтары арасындағы талас-тартыс, Шыңғыстау күміс кені, балыққа бай Зайсан көлі жөнінде көптеген деректер бар. Міне, осы атакты Аткинсонның ұрпақтары ата-бабасының табаны тиген мекенге келіп, Алатау-Тамшыбұлақтың кіндік қаны тамған жерін көруге келіпті.

Томас Аткинсон 1848 жылы жары Люси Аткинсонмен бірге қазақ жерінде саяхатшылап жүрген. Олар осы кезде Семей мен Аягөзде болып, жол-жөнекей Алакөл, Балқаш, Ақсу, Тентек, Сарқан, Басқан өзендері бойын жағалап, ондағы көне қорғандардың сырына қанығып, қазақтың би —сұлтандарымен сұхбаттасып, Қапалға жеткен екен. Ал, Қапалға келгенде Томастың әйелі уақытынан бұрын босанып қалады. Ұл бала дүниеге келеді. Баланы ширату үшін әке-шешесі оны күн сайын күннің суықтығына карамастан Тамшыбұлақтың суына жуындыратын көрінеді. Бөтен елде жүріп аяқ астынан баласы дүниеге келіп қалғасын саяхатшылар біршама қиналса керек. Бірақ, қазақтар қалыптасқан қонақжайлылығын көрсетіп, оларға барын беріп, көмек қолын созыпты. Олар жергілікті тұрғындарға разы болғаны соншалық, оның үстіне табиғаты әсем, суы шипалы Тамшыбұлақ жерінде дүниеге келген баласына Алатау-Тамшыбұлақ деген есім берген екен. Алатау-Тамшыбұлақ Қапалдың шипалы суымен шымыр болып, еліне аман-есен оралыпты. Кейін ол ержетіп Британияда білім алыпты, Гавай аралдарында еңбек

Күллі жұртқа мәшһүр ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның ұрпақтары қазақ еліне, Жетісу жеріне келді. Томас Аткинсон XIX ғасырдың ортаңғы тұсында еліміздің кең байтақ жерін аралап, көрген-білгенін жазып-сызып, кітап қылып бастырып, қазақтардың өмір-салты, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін картиналар қалдырған.

етіпті. Жазу-сызуға да жақын болғанға ұқсайды. Өз кезегінде әлдебір газеттің редакторы болған деседі. Алатау-Тамшыбұлақ жеті бала тәрбиелеген. Бүгінде оның ұрпақтары ғылымның әр



Аткинсон ұрпақтары ЖЕТІСУДА

ұшақ жоқ, тек ат-шанамен жаяу жүріп, небір қиындықтарды көріп, қаһарлы қыста ұлын аман-есен еліне алып қайтуының өзі ерлік. Аткинсон ұрпағын біз осында көріп отырғанымызға өте қуаныштымыз», — деді. Кездесу соңында қонақтарға бағалы сыйлық табыс етті.

Бұдан әрі меймандар журналистер үйінде болып, журналистердің сұрағына жауап берді. Жазушы Ник Филдинг Томас пен Люсидің өмірі,

олар ең әуелі Алатау-Тамшыбұлақ дүниеге келген жерге орнатылған мемориалдың ашылуына қатысты. Қапал Мәдениет үйінде Алатау-Тамшыбұлақтың дүниеге келуі театрландырылған шағын көрініс ретінде көрсетілді. Бұл шараға Томас Аткинсонның шөберелері ағайынды Стив Браун мен Филиппа Смит XIX ғасырда ағылшын отбасының, өз ата-әжесінің киім үлгісімен киініп келді. Ағайындылардың айтуынша, олар бұл кездесуді ұзақ күткен және бұл кездесу олар үшін ерекше болу керек.

Қолымызға қуырып алып, XIX ғасырдың үлгісінде киінгенді жөн көрдік. Бұл образ біздің ата-әжесіміз бен әәби Алатау Аткинсонның дүниеге келген сәтін көрсетіп тұрсын дедік. Қазақстандықтар бізге ұшақтан түскеннен бастап керемет құрмет көрсетуде. Өте ризамыз. Барған жерімізде домбыраның үнімен қарсы алып жатты. Алған әсерімізді айтып жеткізе алмай тұрмыз, — деді ағылшындық қонақтар. Кешке қарай олар бабаларының табаны тиген Арасан арқылы Сарқанға қарай жол тартты.

Қазір Томас пен Люси Аткинсонның, Алатау Тамшыбұлақтың ұрпақтары әлемнің әр қиырында, атап айтқанда, Флоридада, Гавайда, Жаңа Зеландияда, Ұлыбританияда тұрады. Олар Сарқан, Кербұлақ, Панфилов, Ұйғыр аудандарының табиғатының көркемдігін көріп қайтпақ.



Игі іс

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Нидерланды Корольдігінің Қзақстандағы елшілігі өкілдерімен кездесті. Ауыл шаруашылығы, әсіресе жылыжай жұмысында оқ бойы озық тұратын бұл елдің өкілдеріне ерекше құрметін жеткізе отырып, облыс басшысы ауылшаруашылығы өңірі саналатын Жетісу жеріне олардың тәжірибесі аса қажет екенін атап өтті. Талдықорғанға іс сапармен келген Нидерланды Корольдігі елшілігінің Алматы қаласындағы кеңсесінің басшысы Вилько Роггенкамп өз кезегінде Қазақстанда атқарып жатқан жұмыстарымен таныстырды.



Оның айтуынша, нидерланд елшілігі өз жұмысын үш сектор бойынша жүргізіп жатқан көрінеді. Олар — мұнай-газ, ауылшаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау бағыты.

Вилько Роггенкамп, Нидерланды Корольдігі елшілігінің Алматы қаласындағы кеңсесінің басшысы:

Алматы облысымен ауылшаруашылығын дамыту бойынша бірлесу жұмыс істей аламыз деп ойлаймын. Төрт жыл бұрын голландиялық компаниялармен кездесіп: «Қазақстанға қаржы салуға ниеттісіздер ме?» деп сұрағанымда, бұл ұсынысымызды 60-қа жуық компания қолдап, инвестиция салуға мүдделі екендіктерін білдірді. Голландиялық компаниялармен жел энергетикасы, тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу бойынша да бірлесіп жұмыс жасауға болады. Қыркүйек айында Алматыда конференция өткізіп, онда голландықтар велосипедте жүру тәжірибесімен бөліспек. Салауатты өмір салтын, қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша көптеген жобаны іске асыруға мүмкіндігіміз бар.

Осыдан кейін «Philips Lighting Kazakhstan» компаниясының бас директоры Гүлмира Ерденева сөз алып, компанияның өзі басқаратын бөлігі ауыл-аудан, шаһар-аймақтарды жарықтандыру ісімен айналысатынын айтты. Технологияның жеткен жетістігінің нәтижесінде автоматтандырылған жарық беретін шамдар жүйесі электр энергиясын 80 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік тудырып отырғанын жеткізді. Оның айтуынша, әлгі жарық шамдар адамдар көп жерде самаладай жарқырап, айналаға сәуле шашып тұратын болса, ал адамдар жок кезде ол жердің шамы әлсіз ғана жанып тұрады. Бұл адамның нұсқауынсыз, автоматты түрде өзі орындалады. Мұндай ақылды шамдар бір жағынан қазіргі кезде энергия тапшылығын азайтуға пайдасын тигізсе, екіншіден жарық көзін рәсуа қылмаудың таптырмас әдісі болып отыр. Осы ретте Гүлмира Ерденева өз компаниясының Талдықорған қаласымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан жобасы бар екенін де айта кетті. Демек, жақында қаламыздан ақылды шамдарды көріп қалатынымызға сенім көміл. «Royal Philips»

Алматы облысы қант қызылшасын өсірудің озық технологиясы, суару жүйесі, тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, егіс алқаптарының көлемін ұлғайту – қант өндірісін дамытуды басты назарда ұстайды. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталов Көксу және Сарқан аудандарына барған сапарында айтты.

Қант қызылшасы БАСТЫ НАЗАРДА



Сарқан ауданындағы «Самал» шаруа қожалығы тәтті түбір өсіруде белсенді жұмыс жасап жатқан шаруашылық. Шаруа қожалығының басшысы Ермек Калиев «Самалдың» 200 гектар жері бар екенін, оның басым бөлігінде қызылша, тағы 350 гектар майбұршақ егілгенін айтады. Мұндағы жұмысшылар қант қызылшасымен қатар, күздік бидай, арпа және көпжылдық шөп те еккен. Ал, мол өнім алудың амал-қарекетін жасап жатқан «Жастар» шаруа қожалығында кілен жастар жұмыс жасайды. Бұл шаруашылық былтыр «Жасыл ел» жастар отрядының бастамасымен құрылған. Бүгінде 4,5 гектар жерге қант қызылшасын өсіруді қолға алған. Егістік алқабын аралаған Амандық Ғаббасұлы «Жазғы демалыс кезінде өкөм мені күнде таңғы сағат 4-те оятатын. Өмірде ешқашан ерінбеу керек. Еріншектік аламың ынта-жігерін жок етеді. Сіздер күнүзак ғаламторда отырып, компьютердің алдынан алыстамай қойсаңыздар, түбі жақсылыққа кезікпейсіздер мына бастамаларын көпке үлгі болатын іс» - деді жас қызылшашыларға қарап.

Жұмыс сапарын сарқандық ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің белсенді өкілдерімен болған кездесу қорытындылады. Ашық аспан астындағы кездесуде Амандық Баталов шаруалардың қиын да жауапты істегі ерен еңбектері үшін ризашылығын білдірді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасымен Жетісу жеріне қант қызылшасы қайта жаңғыртылып жатқанын, облыс Қазақстанда алдыңғы қатардағы қант қызылшасын өсіруші аймақ болуы керектігін баса айтты.

Жалпы, Сарқан ауданына барған сапарында облыс әкімі Новопокровка ауылындағы орта мектептің ғимаратын аралап, «Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық парк» аумағында болды. Қылқан жапырақты, декоративті және жеміс ағаштарын өсіруге маманданған ұлттық парктің жасыл желек қорында қазір 18 түрлі жарты миллион түп ағаш бар. Ұлттық парк пен оның Алакөл және Лепсідегі филиалдары жұмыстарының басты бағыттарының бірі ретінде апорт алмасын өсіруге ден қойып отыр.

Бетті дайындаған Шынарғұл ОҢАШБАЙ

Баспана

СЕРПІН



7

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

«Құрылыс нысанының сапалы болуы сауатты әзірленген жобалық-сметалық құжаттамаға және жобалау тапсырмасының дұрыс берілуіне байланысты». Маңғыстау облыстық құрылыс басқармасының басшысы Орақ Аяповпен құрылысшылар мерекесі қарсаңында сұхбаттасқанымызда осылай деді. Сондай-ақ ол «Сапалы тұрғын үй тұрғызу үшін әу бастан жоғары талап қою керек», – деп отыр.

– Орақ Махмұтұлы, кез келген мемлекеттің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты екені белгілі. Осы орайда ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығында облыс көлемінде қанша нысанның іргетасы қаланды?

– Биыл Маңғыстау облысында жоспар бойынша 440 мың шаршы метр тұрғын үй тапсыру жоспарланған. Қазіргі таңда біз 399 мың шаршы метр тұрғын үйді ел игілігіне пайдалануға бердік. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 40 пайызға артық. Ағымдағы жылдың аяғына дейін 650 мың шаршы метр тұрғын үй тапсырып, халықты баспанамен қамтуды 20-25 пайызға артығымен орындаймыз.

Осы жылы өңірімізде «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Жанаөзен қаласындағы Арай шағынауданында 320 орындық балабақшаның, облыс орталығындағы 34 шағынауданда 60 пәтерлік 4 тұрғын үйдің және Мұнайлы ауданында 24 пәтерлік 12 тұрғын үйдің құрылысы басталады. Әлеуметтік маңыздағы құрылыстардың бой көтеруіне республикалық бюджеттен 16 миллиардқа жуық қаржы қарастырылып отыр. Бұл баспаналар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-да кезекте тұрған салымшыларға үлестіріледі. Сондай-ақ биыл «Бәйтерек девелопмент» АҚ-ның бастауымен Ақтауда 600 пәтерлік тұрғын үй құрылысы басталды. 37 мың 500 шаршы метр болатын тұрғын үйді жыл аяғына дейін тапсыру жоспарланған. Сонымен қатар Түпқараған, Мұнайлы аудандарын және Ақтау қаласын инженерлік желілермен қамтуға республикалық бюджеттен 8 млрд теңге қаржы қаралды. Мәселен, инженерлік желілермен қамту нысандарының екеуі биыл аяқталса, қалғаны келесі жылы бітеді. Облыс көлемінде инженерлік желілермен қамтуды жақсартуды алдыңғы орынға қойды.

– Қаланың көркіне нұқсан келтірер, құрылысы тоқтап тұрған нысандар қашан қайта жанданып, іске қосылады?

– Құрылысы ұзақ уақытқа созылған Акку-1 шағынауданының 1-кезеңі талаптарға сай емес болғандықтан, жоба қайтадан түзетуден өтті. Қазіргі таңда сараптама жұмыстары жүргізілуде. Құрылысты қайтадан жандандыруға 500 млн теңге бөліп, жергілікті мекемелердің қолдауымен жыл аяғына дейін бітіреміз. Сондай-ақ қаладағы 100 төсектік онкологиялық диспансердің жобасы да мемлекеттік сараптамаға тапсырылды. Тамыз айының аяғына дейін оң қорытындысы алынып, құрылыс жұмыстары басталады. 14 шағынауданда неке сарайы мен «Тамшалы» тұрғын үй кешінінің ортасында коммерциялық бағытта салынып жатқан көпқабатты үйдің құрылысын келесі жылдың 1 тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр.

– Өзге облыстарда орын алып жатқан жағдайларға байланысты халық құрылыстың сапасына аландайды. Өңірімізде жүргізіліп жатқан құрылыстардың сапасын бақылау жағдайы қалай?

– Аймағымызда салынып жатқан құрылыстардың сапасы жан-жақты бақылауда. Ең алдымен, тапсырыс беруші

құрылыс барысын толығымен қадағалайды. Негізі, құрылыс нысанының сапалы болуы сауатты әзірленген жобалық-сметалық құжаттамаға және жобалау тапсырмасының дұрыс берілуіне байланысты. Сондықтан тапсырыс беруші әу бастан-ақ жобалық-сметалық құжаттаманың жасалуына жоғары талап қойып, бақылауға алуы шарт. Техникалық қадағалаушы мен жобаның авторлары да құрылыстың егжей-тегжейлі жұмыстарын бақылауда ұстайды. Облыс, қала мен аудандарда жергілікті деңгейдегі депутаттар да құрылыстарды тексеріп, ұсыныстарын береді. Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы тарапынан да қадағалау жүргізіледі. Облыстағы салынған құрылыстардың сапасын жақсы деп айтуға болады.

– Өңірімізде әр түрлі маңызда салынып жатқан нысандарға отандық өнімдер қаншалықты қолданылады?

– Кейінгі жылдары елімізде, оның ішінде біздің облысымызда мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жаңа зауыттар іске қосылып, өндірістік қуат еселене түсті.

аяқталып, пайдалануға беріледі?

– Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 31 шағынауданда кірістер департаменті, 33 шағынауданда спорт кешені, Бейнеу ауданында 900 орындық Манашы орта мектебі, Жанаөзенде көріздік тазалау ғимараты және облыс орталығында салық ғимараты пайдалануға беріледі. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың көмегімен 34 шағынауданда жүргізіліп жатқан Достық үйінің құрылысы биыл бітеді. Жыл басынан бері облыс көлемінде аяқталған үлкенді-кішілі құрылыс нысандары іске қосылды.



Бұрын өзге облыстардан тасымалданатын құрылысқа қажетті материалдар мен өнімдер өзімізден шыға бастады. Мәселен, соңғы кездері шебін, тас карьерлерінің жұмысы жүйелі жолға қойылды. Жергілікті кәсіпкерлер мен зауыттар өндіретін темір бетон бұйымдары, қиыршық тас, ұлу тас, пластик терезелер, цемент, битум және тағы да басқа өнімдер құрылыста жиі қолданылады.

– Тәуелсіздіктің 25 жылдығына тарту ретінде қандай ғимараттардың құрылысы

Бас жоспарға сәйкес, Ақтау қаласы солтүстік батысқа қарай өсіп, кеңейіп келеді. Жаңа шағынаудандарда тұрғын үй құрылысы мен инженерлік желілерді тарту жұмыстары жолға қойылған. Қазіргі таңда 34 шағынауданда құрылыс жұмыстары қарқын алды. 32 а шағынауданда бір мектеп пен екі балабақша, 19 шағынауданда мектеп салуға жобалық-сметалық құжаттама жасакталуда.

Жетістік

Тіршілік нәрі тапшы түбегімізде қалаға жақын орналасқан ауыл халқы «Каспий су тұщыту» зауыты тазартқан Каспий теңізінің суын тұтынып отыр. Өндірістік өрлеуді бетке алған аталған кәсіпорын соңғы жылдары қуаттылығын арттырып, өнімділігін еселей түсті.

Тұщы су тапшы болмайды



Керек-жарағын қамдап, жаңғырту жұмыстарын жүргізген зауытта теңіз суы механикалық әдіспен тұщытылып, бірнеше рет сүзгіден өткізілгеннен кейін сараптама жасалады. Осылайша, мамандардың талдап, тексеруінен өткен тіршілік нәрі халыққа тұтынуға жіберіледі.

Каспий су тұщыту» ЖШС зауытының басшысы Владимир Мурашко. — «2014 жылы «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының көмегімен халықтың ауыз суға қажеттілігін өтеу мақсатында су тұщыту зауыты іске қосылды.

Алғашында зауытта тәулігіне 4,5 мың текше метр тіршілік нәрі тұщытылып, Мұнайлы ауданына қарасты 90 мың халқы бар Басқұдық, Қызылтөбе, Маңғыстау халқының игілігіне берілді. Облыс бюджетінен бөлінген қаржыға қондырғылар күрделі жөнделуден өтті. Соның нәтижесінде кәсіпорында тәулігіне 10 мың текше метр суды тұщытып, 150 мың халық қоныстанған Атамекен,

Дәулет, Батыр, Құрық ауылдарын сумен қамтуға күші жетіп отыр. Ақтау қаласын және оған жақын орналасқан ауданның тұрғындарын үздіксіз сумен қамту және тапшылықты жою, мақсатында өндірістік қуаттылықты 20 мың текше метрге жеткізу бағытында жаңғырту жұмыстары басталды. Ескіріп, тозығы жеткен су тұщыту қондырғыларын сапалы, соңғы үлгідегі құрал-жабдыққа ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Аталған жаңғырту жұмыстары ағымдағы жылдың 4 тоқсанының басында аяқталады», — дейді.

Оның айтуынша, жергілікті әкімдік пен «Каспий» ӘКК қолдауымен осы жылы инфрақұрылым нысандарын және көмекші құрал-жабдықтарды жаңғырту жұмыстары жүзеге асса, зауыттың өндірістік қуаттылығы тәулігіне 32 мың текше метрге дейін артады. Жыл соңында Ақтаудың солтүстігінде жаңадан бой көтерген шағынаудандар мен Түпқараған ауданын сумен қамту жоспарланған.



Бастама

Саяхатшыларға есік ашық

Маңғыстау облысына өткен жылы 50 мыңға жуық турист келсе, оның 14 мыңнан астамы Кендірлі курорттық аймағында демалған. Облыстық туризм басқармасының басшысы Гүлжан Байжауынованың айтуынша, өңірде туристік инфрақұрылымды одан ары дамыту үшін тағы бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарланған.



Ол «Маңғыстау ауданының орталығы Шетпе ауылында «Эко Маңғыстау» ҰЕҰ қолдауымен қонақ күту үйі ашылды. Сонымен қатар Бейнеу ауданына қарасты Ақжігіт ауылында «Жұмыспен қамту картасы- 2020» бағдарламасы аясында қонақ күту үйі, Ақтау қаласындағы 2-шағынауданда қонақүй (хостел) ашылды. Сондай-ақ өткен жылдың қыркүйек айында Holiday Inn 4 жұлдызды қонақүйі пайдалануға берілді. 2015 жылы туризмнің келушілерінің өсуіне Испания, Германия, Ресей,

Голландия, Швейцария, Қырғызстан, Қытай елдерінің ірі туроператорлары өткізген ақпараттық турдың септігі мол болды. Ресейдің «Экспресс-Тур» компаниясымен Самара- Астрахан- Баутима порты- Самара теңіз саяхаты ұйымдастырылды, — деді.

Баскарма басшысының хабарлауынша, Маңғыстау ауданындағы Көгез жерінде этноауыл және Мұнайлы ауданында жастарға арналған хостел салу, «Достар» қонақүй кешенін үлкейту және жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 57-қадамы шеңберінде облысымызда ұлттық деңгейде «Кендірлі» курорттық аймақ» атты жобасы іске асырылуда. Сондай-ақ сыртқы инфрақұрылымының техникалық- экономикалық негіздемесі және жобалық-сметалық құжаттама жасакталды. Курорт аймағында автокөлік жолдарының құрылысын салу, туристік және көлік инфрақұрылымын дамыту, өнімдерді өндіру, қайларды дайындау бойынша



жұмыстар басталды. «Кендірлі» курорттық демалыс аймағы сыртқы инфрақұрылымын құрылысы аясында «Окарем-Бейнеу» магистралдық газ құбырынан автоматтық газ тарату стансасының және газ бөлу құбырының құрылысы аяқталды. Осы демалыс аймағын дамыту аясында облыс әкімдігімен бірлесе, отандық және шетел инвесторларын тарту бойынша жүйелі жұмыстар жолға қойылған.

Г.Байжауынова «Біздің баскарма Еуропалық Одақпен бірлесіп «Қазақстанның өңірлік дамуы»

жобасын жүзеге асыру аясында, туризм саласында шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында Маңғыстау облысында 2016-2020 жылдарға арналған туризмді дамыту стратегиясын жасақтау бойынша жұмыстар жалғасуда. Баскарма өңірдің туристік әлеуетін әлдендіру және таныстыру мақсатында Алматы қаласында «КИТФ-2016», «МІТТ -2016» халықаралық

Мәскеу туристік көрмесіне қатысты. Жыл соңына дейін Ақтау қаласында халықаралық туристік форум, «ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындық жүргізу аясында шетелдік туроператорлар үшін ақпараттық тур өткізу жоспарланған. Сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ауылдық жерлердің оқушыларына арналған экскурсия ұйымдастыру көзделіп отыр, — дейді.

Бетті дайындаған
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ



**ҚАРҚАРА
КӨТЕРІЛІСІНЕ -
100 ЖЫЛ**



Екі күнге жоспарланған тойдың бірінші күні Кеген ауылының мәдениет үйінде М.Әуезов атындағы драма театрының сахналауымен М.Әуезовтің «Қылы заман» повесінің желісі бойынша қойылым қойылды. Ал екінші күні Кеген ауылында «Тарихқа тағзым» атауымен монументалды ескерткіш кешенінің салтанатты түрде ашылуы өтті. Ескерткіште доға тәрізлес келтірілген

ескерткіштер. Биыл Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени байланыстардың, өзара ынтымақтастықтың жарқын үлгісі ретінде Анкара қаласында Сүйінбай Аронұлының бюсті орнатылған. Халықтың санасына сәуле құятын, кандай да бір тұлғадан немесе оқиғадан хабар беретін, соны ұлықтайтын, оған құрметпен қарауға үйрететін, ұлттық һәм рухани тәрбие беретін құралдардың бірі — ескерткіштер, бюст, монументтер. Өткенді ойлау — өткенмен ойнаудан сактандырады. Демек, тарихи сананы қалыптастыруда, ұлттық рухты жаңғыртуда олардың рөлі зор. Биылғы тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай орнатылған тарихтың тастағы жазуы жүректе қалады, санамызда



керегеді тақырыптық бес барельеф орналастырылған. Онда казактын ежелгі мамыражай заманы, патшаның жарлығы бойынша әскерге, жұмысқа адам алуына қарсы наразылық, патша жендеттерінің салған ойраны, азаттық жолындағы күрестің соңғы тұяқ серпугі сияқты болған 1986 жылғы көтеріліс және Тәуелсіздік кезеңіндегі бейбіт өмір бейнеленген. Ескерткіш стелласының биіктігі — 17 метр, барельеф тақтаның ұзындығы — 32 метр, биіктігі — 4,5 метр, олардың барлығы граниттен салынған. Ескерткіш «Қарқара-Ереуіл» қоғамдық қорының демеушілігімен жасалыпты. Оған 63 миллион теңге жұмсалған. Ескерткіштің авторлары — Қазақстан Республикасының Сәулетшілер одағының мүшесі, архитектура ғылымдарының кандидаты Жамбыл Кекілов пен «Сымбат» академиясының оқытушысы, мүсінші Бекен Қасетов. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай орнатылған мемориалды кешеннің ашылу рәсімінде Алматы облысы әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев: «Бабаларымыздың есімін ардақтап, лайықты құрмет көрсету мақсатында Нарынқол, Қарқара жол айырығына бұл нысанның бой көтеруі тегін емес. Ол ел тарихынан ерекше орын алған елеулі оқиғаның белгісі іспетті. Авторлар ескерткіштегі тақырыптық барельефтерге қазақ тарихының бүгінгі тәуелсіз елге дейінгі сан саласын сыйғыза білген» деді.

Алматы облысында жалпы саны 2338 ескерткіш бар. Оның төртеуі бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енген, сегізгі республикалық маңызы бар, қалғаны жергілікті маңызы бар



Қазақ халқы қадым заманнан ұлт азаттығы, ұрпақ болашағы үшін күресті. Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан басталған жаугершілік заман тәуелсіздік алғанға дейін толастамады. Азуын айға білеген алып

империяның да, қылышынан қан тамған кеңестік дәуірдің де құтқайын аз көрмеді.

1916 жылғы патшаның 19 бен 43 жас аралығындағы ерлерді әскерге алу туралы жарлығы онсыз да үстемшіл биліктің қысымына ашыныңт жүрген халықтың наразылығын тудырды. Бастапқыда стихиялы түрде болған көтерілістер, кейін ұйымдасқан ірі көтеріліске ұласты. Бұл отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтеріліс болып тарихта қалды.

Биыл тарихи оқиғаға 100 жыл толып отыр. Осыған орай, Алматы облысы Райымбек ауданындағы Ереуіл ауылында «Тарихқа тағзым» атты мәдени-көпшілік шара өтті.

Сары кілемнің үстінде балалар күресіп жатты. Оны тамашалаған жұрттың да көңілі көтеріңкі, жайдары, жарқын қалпынан таймаған. Қара кайыс болған қыр балалары күрестің қызығына тоймай, сары кілемді айналып, малдас құрып, енді бірі етпеттеп жатып алған. Қаз-қатар тізілген ақ үйлерде есеп жоқ. Қай үйге кірсеңіз де өлең айтып, дыр-дұманға толған тіршілікті көрер едіңіз. Біз Кегенге жеткенде күн құланиектеп таң да атқан. Аспан бозғылт, жанбыр жауатын құсады. Бірақ той басталысымен Құдайдың құдіреті, күн шәйдай ашылып, жайқалған масатыдай жасыл кілем одан әрі жайнап кеткен еді. Одан әрі ажарланып кетті. Қарқара жайлауындағы той түске таман басталды. Ашық аспан астында құрылған сахна төрі жақсы мен жайсанның басын қосты. Алматы облысы әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев сөз алып, тарихтан тағылым, ұлылықтан



қонақтайды. Ел-жұртымыз азаттықтың оңай келмегенін біледі, сезінеді, бағалайды. Тарихқа тағзым етеді. Тойға жиылған қауым монументті, тамашалап болғасын Ереуіл төбе ескерткішіне барып гүл шоқтарын қойып, Қарқара көтерілісінде елі үшін жан тапсырған бабалар рухына құран бағыштады. Артын ала ақындар арнау жырларын оқып, арқа-жарқа болысты. Той Қарқара жайлауында жалғасты.

Қарқара жайлауы. Ереуіл төбе. Ата-бабаларымыздың осыдан түп-тура жүз жыл бұрын ұрпақ үшін жан алысып, жан беріскен жері екен. Қазір мамыражай өмір кешкен халық. Шөбі шүйгін, жайқалып жатқан жасыл желек. Гүлдердің сан алуан түрі адамның көз жауын алады. Жұпар иісі жұмақтың бакшасы ма дерсіз. Атшаптырым алқапты айнала алты канат ак ордалар тігілген. Үйді-үйдің иелері толассыз сары қымызын сапырып қонағын күтісіп жатыр. Қыз-бозбала алтыбакан теуіп, ауыл ішін ағыл-тегіл ән мен жыра бөледі. Райымбек ауданының өнерпаздары да өз өнерлерін ортаға салып, көңілдің

күйін шертісті. Алтыбаканның сөнін келтірген Текес өнер мектебінің әншілері өлең-жырдан толассыз шашу шашып тұрды. Ал өз ісіне әбден машықтанған әжелер жағы текеметін тоқып, жүнін сабап, ұршығын іріп, ауылдың айты ауызын айтты.



ұлағат алу үшін осындай тойлар өткізілетінін айтты.

Бақтияр ӨНЕРБАЕВ,

Алматы облысы әкімінің орынбасары:

— Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Біз тойларды тарихтан тағылым, ұлылықтан ұлағат алу үшін өткізіміз керек», — деген еді. Тарихты өткеннің шер мен шезіресі, алдағы күндер мен болашақтың сабағы десек, қазақ халқы бүгінгі тәуелсіздік пен азаттыққа жету үшін Ұлы дала төсінде талай-талай ұрыстар салып, еле өнеге, ұрпаққа ұран болар тамаша ерліктер жасады. Елі мен жері үшін өз өмірлерін арпалыста өткізіп, сол жолда жанын қиған ерлердің ерлігін туған халқы ешқашан ұмытпақ емес. Өйткені, біз республикамызды «Мәңгілік ел» етуді мұрат еткен халықпыз. Дәл осы шақта батыр бабаларымыздың ерліктерін рухы мықты, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуде үлгі етуіміз керек.

Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен биылғы тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында Райымбек ауданында мәдени нысандарға жөндеу жүргізілген. Ереуіл бастауыш мектебі ғимаратына және Кеген мәдениет үйі ғимаратына жөндеулер жүргізіліп, атшабар алаңына спорттық мұнара

орнатылған. Ереуіл ауылының ауыз су жүйесі, ескерткіш, орталық көшелер ағымдағы жөндеуден өткізілген.

Биылғы мерейлі датаға арналған мәдени-рухани шаралардың шымдылығы 15 шілде күні Райымбек ауданы Карасаз ауылында облыстық көркемөз оқу шеберлерінің байқауымен ашылған.

Осыдан кейін Талдықорған қаласында облыстық қылқалам шеберлерінің байқау-көрмесі, республикалық жыршы-термешілер

бабадан балаға аманат болып қалған әр тасы тұнған тарих, сүйем терісін, сүйегін берген, тізесін бүкпексіп құлаған баһадүр бабалар мекені. Киелі аспанғаулар өңірі Хантәңірі етегі.

Тұрсынбай СЕКСЕНБАЕВ,

ауыл тұрғыны:

— Қазақ халқы үшін бұл датаның тарихи маңызы зор. Қазақ елінің отаршылдыққа қарсы көтерілісінің ең үлкені осы болатын. Екі жүз жылдан астам езгіде жүрген халық қаншама көтерілістер жасады. 1916 жылғы июнь жарлығына қарсы болған бұқара халық наразылық көрсетті. Елдің ертеңін ойлаған азаматтары «берсек бала өледі, бермесек, шал өледі, бала өленше, шал өлсін» деп бұйрыққа мойынсұнады. Мойынсұнбаған соң халықтың толқуына алып келді. Халықтың жерін тастап, елін тастап үркуі сол 1916 жылдан басталды. Сонда айтқан екен: «Албаным-ай, айғыр



байқауы ұйымдастырылды. Осы шаралардың қорытындысы сияқты болған Қарқара жайлауындағы той ат спорт ойындарымен ерекшеленді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы ақын Жанарбек Әшімжан саликалы баяндама жасады. Ақын патша жарлығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің Жетісудағы ошағы — Қарқара көтерілісіне айрықша тоқталды.

балуанымнан қалғаным-ай, қой сұрасам тай берген, қайран албан, күніңнің көк тиынға қалғаным-ай» деп осындағы жұрт жылаған екен. Бүгін еліміз тәуелсіз мемлекет болған кезде сол ел үшін, жер үшін жанын қиған адамдардың әруағына құран бағыштап, ас беріп, осындай жиын-той өткізіп жатауымыз ел бірлігінің арқасы деп ойлаймын.

Қарқара жайлауындағы думанды той ат спорт ойындарымен жалғасты.

Әуелі, тенге ату, одан кейін көкпар тарту, қыз қуу, соңыра аламан бөгіе жиналған жұрттың арқасын қоздырып, кикуға қандырды. Екінтіге таяу уақытта аспан бозарып, жер қарайып, нөсер жанбыр ұрды да кетті. Табиғаттың бұл сыйын тойшы қауымның қуанышына ортақтасқан сынай танытқаны болар деп болжадық. Қарқараның жайлауын думанға



Жанарбек ӘШІМЖАН,

ақын, журналист, публицист:

— Ресей патшалығының 1916 жылғы бірінші дүниежүзілік соғысты жселеу етіп, әділетсіз шыққан, ретсіз жасаған әскери бағыттағы іс-қимылдарына қарсы көтеріліс Қазақстан мен Орталық Азияны түгелдей қамтыды. Сол бір шақтарда бұратана атанса да, басын бұғауға бермей болашақ ұрпақ үшін күреске шыққан өңір осы Жетісу аймағы. Табанымыз тиіп тұрған қасиетті Қарқара, ел пәтуаласқан Ереуіл, мың сан тарихтың куәсі болған Мыңжылқы, Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістердің ең ірі ошағына айналды. Мұхаметжан Тынышбаев бір дерегінде Қарқара қасіретінде босқаны бар, қашқаны бар, ұзын саны 35 мың адамның құрбан болғанын келтірген екен. Бұл

бөлеп, дүркін-дүркін ата-баба есімі ұлықталған бұл күн олардың да әруағы бір аунап түскен шығар, бөлкім. Кеше бабалардың қаны төгілген, жан алысып, жан беріскен, сын сағатта көкірегіңдегі жайылдаған рухымен жауға қарсы тұрған, еңсемізді егізбейміз, боландыққа көнбейміз, ұлымның тұлмын, қызымның бұрымын жаттың табанына таптатқызбаймыз деген тұсында тұлпары тарп ұлған ағайы ерлердің ары мен абыройы біздің санамызда, біздің жүрегімізде. Олар мәңгі жасамақ. Қарқара жайлауындағы ұлы думан, ұлылықты ұлықтаған салтанатты жиын осындай ойға жетеледі.

Шынарғұл ОНАШБАЙ,
Суреттер: Автордікі
Қарқара-Кеген-Талдықорған

**Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

**Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕТОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,

93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67

(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырас — №2109;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралы есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырас беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.